

ЕДГИНА ГАЛИНА ТЛЕУБЕКОВНА

**НҮРСҰЛТАН НАЗАРБАЕВ: ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСЫНДАҒЫ
ӨМІРІ МЕН ЕҢБЕК ЖОЛЫНЫҢ БЕЛЕСТЕРІ (1960 – 1979 ЖЖ.)**

АННОТАЦИЯ

6D020300 – Тарих мамандығы бойынша философия докторы (PhD)
дәрежесін алу үшін диссертация

Зерттеу тақырыбының өзектілігі. Егеменді Қазақстан Республикасының қалыптасуы мен даму кезеңі Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың есімімен байланысты болып табылады. Н.Ә. Назарбаев еліміздің тәуелсіздігін жария еткен Тұңғыш Президент ретінде тарихқа енді.

Қазақстан Республикасы нарықтық экономика негізінде дамып жатқан, ірі өнеркәсіптік, ғылыми, мәдени әлеуеті бар мемлекет ретінде бүгінгі таңда әлем елдеріне танылып отыр. Бұл елде түрлі этностар мен конфессия өкілдері бейбіт келісім негізінде, ұлттық, тілдік, діни, әлеуметтік және басқа да белгілер бойынша қысымсыз өмір сүріп жатыр. Қазақстан Біріккен Ұлттар Ұйымы (БҰҰ), Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық ұйымы (ЕКЫҰ), Азиядағы Өзара Ықпалдастық және сенім шаралары жөніндегі кеңес (АӨСШК), Ислам ынтымақтастығы ұйымы (ИЫҰ), Шанхай ынтымақтастық ұйымы (ШЫҰ), Біріккен Ұлттар Ұйымының Білім, Ғылым және Мәдениет жөніндегі Ұйымы (ЮНЕСКО), Халықаралық валюта қоры (ХВҚ) және басқа да көптеген беделді халықаралық ұйымдарға мүше. Бүгінгі таңда Қазақстан ядролық қарудан ерікті түрде бас тартқан ел болып табылады. Мемлекеттік егемендікті құру және нығайту, шекараны заңдық негізде бекіту, еліміздің халықаралық деңгейде танылуы осылардың барлығы егеменді Қазақстанның Тұңғыш Президенті ретіндегі Нұрсұлтан Назарбаевтың тарихтағы орны мен мұрасын көрсетеді. Ол өзінің еңбек және қоғамдық-саяси қызметін 1960-1979 жылдары Қарағанды облысында бастаған болатын.

Н.Ә. Назарбаевтың Қарағанды облысындағы еңбек еткен жылдары бұрынғы КСРО-ның халық шаруашылығы кешенінің құрамдас бөлігі ретіндегі Орталық Қазақстанның өнеркәсіптік аймақ ретінде серпінді дамуымен сәйкес келді. 1960 жылдан 1980 жылдар аралығында Қарағанды облысында өнеркәсіптің түрлі салаларының белсенді дамып, көпсалалы өндірістік және әлеуметтік инфрақұрылымның қарқынды құрылысы, Орталық Қазақстан өңіріндегі қала мен ауылдық аудандардың қарыштап дамуы, халық санының өсуі, экономика және әлеуметтік салаларының өркендеуінде едәуір жетістікке жеткен кезеңі болды.

Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың Қарағанды облысындағы 1960-1979 жылдардағы қызметінің кезеңі Қарағанды металлургиялық зауыты құрылысының аяқталуымен тура келді. Осы жылдары Қарағанды көмір бассейні де жоғары өндірістік көрсеткіштерге қол жеткізді. Балхаш, Жезқазған тау-кен металлургиялық комбинаты тұрақты түрде жұмыс істеп

тұрды. Облыстың қала мен ауылдық аудандары едәуір дамыды. Әлеуметтік сала да айтарлықтай дамып, көпсалалық деңгейде болды. Халықтың тұрғын-үй тұрмыстық жағдайы бірқатар жақсарып, білім беру, денсаулық сақтау, мәдениет және ғылым салалары дами түсті. 1960-1980 жылдар облыстың экономикалық және әлеуметтік салаларының серпімді даму кезеңі болды. Облыстың халқының саны екі есеге дейін өсіп, 1 713 208 адамға жетті [1, 5]. Өнеркәсіптік өнімдерді шығару бес есеге өсті. Өнеркәсіптік өндірістің барлық түрлері бойынша облыс тарихи жағынан барынша жоғары жетістікке жетті [2, 138].

Тәуелсіз Қазақстанның шежіресінде мемлекеттік тәуелсіздіктің қалыптасуы мен құрылуы кезіндегі бетбұрысты және қиын жолында елді басқарған адам мен саясаткердің аты мен рөлі ерекше орын алады. Көптеген елдердегі мемлекеттіліктің негізін қалаушылардың тарихи еңбегі отандық және әлемдік тарих шежіресінде мәңгі сақталады.

Қоғам тарихындағы жеке және ұжымдық ұғымдағы өмірбаянның рөлі туралы антикалық кезеңді зерттеуші С. Л. Утченко былай деп жазды: «адамзат тарихында бір кездері пайда болған, содан кейін ғасырлар, мыңжылдықтар, біздің ақыл-ойымызға қол жетімді дәуірлер мен ұрпақтардың ауысуы арқылы өтетін тұлғалар бар. Мұндай адамдар адамзаттың «мәңгілік серіктері» болып табылады....Бұл жерде саяси және мемлекет қайраткерлері, ғылым, мәдениет, өнер өкілдері туралы айта аламыз. Бұл тұрғыда ешқандай шектеулер, шарттар жоқ. Керісінше, бір ғана шарт бар: адамзат қоғамының, оның материалдық және рухани болмысының дамуына қосқан елеулі үлесі» [3, 3]. Мемлекеттік Тәуелсіздіктің қалыптасуының тарихи бетбұрыс кезеңінде елді 30 жылға жуық басқарған Н.Ә. Назарбаев туралы «XX ғасырдың соңғы ширегі - XXI ғасырдың басындағы Қазақстан тарихының мәңгілік серігі» деп те айтуға болады.

Н.Ә.Назарбаев 2019 жылғы 19 наурызда Қазақстан Республикасының Президенті қызметінен ерікті түрде отставкаға кеткеннен кейін және 2022 жылғы қаңтарда болған оқиғалардан соң қоғамдық дискурста оның елді отыз жылдай басқарған кездегі Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті ретіндегі рөлі мен нәтижелерін бағалауда түбегейлі қарама-қарсы көзқарастар қалыптасты. Дана халықтар ғасырлар бойы өздерінің тарихи мұраларын сақтап келеді және өздерінің тарихи-саяси және тәрбиелік арсеналына оң және теріс тәжірибелерді қосады. Н.Ә.Назарбаевтың Президент ретіндегі отыз жылдық билігінің саяси мұрасын сыни тұрғыдан түсіне отырып, біздің ойымызша, XX ғасырдың аяғы-XXI ғасырдың бірінші ширегі Қазақстан тарихының фактісіне айналған осы кезеңнің тарихи мұрасына біржақты теріс көзқараспен қарауға болмайды.

Сондықтан Қазақстан Республикасының Президенті Қасымжомарт Тоқаев Мемлекеттік арнаға берген сұхбатында Тұңғыш Президенттің қосқан үлесі мен күш-жігерін ұмытпау керектігін айтты. Бұл тарихты құрметтемеу болар еді. Нұрсұлтан Назарбаев біздің қазіргі мемлекеттілігіміздің негізін қалап, елдің дамуына зор үлес қосты. Біз оның қызметіне объективті баға

беруге міндеттіміз. Егер Тұңғыш Президенттің кемшіліктері болса, онда оларды жас басшыларға өсиет ретінде қабылдау керек [4].

Қазақстан Республикасының Ұлттық мерекесі Республика күні қарсаңында салтанатты рәсімде сөз сөйлеген Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстанның тәуелсіз мемлекет ретіндегі негіздерін нығайтуға үлес қосқан тұңғыш мемлекет басшысы Нұрсұлтан Назарбаевтың ролін атап өтті: «олардың патриотизмі мен ұлт мүддесіне адалдығы кейінгі ұрпақ үшін тұрақты үлгі болуы қажет. Біз тарихи әділеттілікке берік болуымыз керек. Сондықтан еліміздің тәуелсіз мемлекет ретіндегі негіздерін нығайтуға зор үлес қосқан Тұңғыш Президент Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың тарихи ролін де атап өту дұрыс болар еді» [5]. «Нұрсұлтан Назарбаев - тарихи тұлға, бірнеше дәуірдің куәгері. Ол қызметін Хрущев кезінде комсомол белсендісі ретінде бастады, алпыс жылдан астам уақыттан кейін отставкаға кетті. Оның тәуелсіз Қазақстанның қалыптасуына қосқан үлесі айқын, ол әділ тарихи бағалауға лайық» [6].

Н.Ә. Назарбаев – саяси ерік-жігері және Ұлттық көшбасшыға тән қажетті қасиеттері бар тұлға. Ол стратегиялық ойлау мен көрегендікті саяси ерік-жігермен және батылдықпен біріктіреді, бұл мақсаттарды іс жүзінде жүзеге асыру үшін өте қажет. Егемен Қазақстанның экс-ұлттық көшбасшысы – Н. Ә. Назарбаевтың өмірі мен қызметінің әртүрлі кезеңдеріндегі тұлға мен дүниетанымның қалыптасуының әртүрлі аспектілерін зерттеу эвристикалық қана емес, сонымен қатар саяси, ғылыми және тәрбиелік маңызы бар.

Өмірбаян жанры – маңызды тарихи мәселелерді зерттеудің жемісті әдістерінің бірі. Сонымен қатар, әр түрлі елдердегі заманауи өмірбаяндық жанрдың дамуын ескере отырып, түрлі факторларға байланысты өмір тарихын қазіргі саяси мәселелердің бөлігі ретінде қолданатын тарихнаманың даму тенденцияларын ескермеуге болмайды. 2019 жылғы 19 наурыздан және 2022 жылғы қаңтардағы оқиғалардан кейін Қазақстанның қазіргі тарихында болған оқиғалар Үкімет пен өңірлік мемлекеттік органдардың кең өкілеттіктері бар президенттік-парламенттік республикаға суперпрезиденттік басқару нысанынан бас тартудың шұғыл қажеттілігін айқын көрсетті. Қазақстан үшін өзінің тоталитарлық кеңестік өткенімен және Н.Ә. Назарбаевтың басқару кезеңіндегі Тәуелсіздіктің комплиментарлы – авторитарлық отыз жылдығымен қазіргі саяси дискурстың басым тақырыбына айналды. Сондықтан, біздің ойымызша, өмірбаян жанрын жүйелі түрде зерттеу және дамыту республикамыздың саяси тарихы туралы түсінігімізді жақсартуға көмектеседі.

XX ғасырдың аяғы мен XXI ғасырдың басында өмірбаян жанры постструктурализмнің, жаңа мәдени тарихтың, гендерлік зерттеулердің әсерінен туындаған қиын кезеңді жеңе алды және зерттеудің әдіснамасы мен әдістерін өзгерте отырып, өмірбаян жазатын тарихшылар бүкіл тарихты қамтып, түсіндіргеннен гөрі жалпы адамның өмірін ғана емес, оның жеке эпизодтарын, фрагменттерін, кезеңдерін зерттей бастады.

Тәуелсіздік туын көтерген Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың 1960-1979 жж. Қарағанды

облысындағы тұлғалық және дүниетанымдық қалыптасу жағдайларын, еңбек және қоғамдық-саяси қызметін кешенді зерттеу Қазақстан Республикасының мемлекеттік тәуелсіздігінің қалыптасу мен құрылуы тарихын зерделеу үшін ғана емес, қазіргі Қазақстанның ірі өнеркәсіптік, мәдени және ғылыми орталығы болып табылатын Қарағанды өңірінің даму тарихын зерделеу үшін де маңызды ғылыми мәнге ие болып отыр.

Зерттеудің мақсаты мен міндеттері. Диссертациялық зерттеудің мақсаты – 1960-1979 жылдары Қарағанды облысында Н.Ә. Назарбаевтың еңбек және саяси қызметін реконструкциялау және тарихи дәуір контекстінде 1960-1979 жылдары металлургтер қаласы Теміртау мен Қарағанды облысының қоғамдық-саяси, экономикалық және мәдени дамуына Н. Ә. Назарбаевтың қосқан үлесін қарастыру.

Қойылған мақсатқа сәйкес келесі міндеттерді шешуге әрекет жасалады:

- XX ғасырдың аяғы мен XXI ғасырдың басындағы тарихи зерттеулердегі өмірбаян жанрының дамуын оның эволюциясының негізгі тенденцияларын, әдіснамалық тәсілдерін және тарихи ғылымдағы жеке тұлғаны бейнелеу тәсілдеріндегі өзгерістерді анықтау мақсатында зерттеу және талдау;

- 1960-1979 жылдары Н.Ә. Назарбаевтың өмірі мен қызметін зерттеу бойынша қазақстандық және шетелдік тарихнаманы талдау;

- 1960-1979 жылдары Қарағанды облысында Н.Ә. Назарбаевтың өмірі мен қызметін зерделеу жөніндегі деректерді талдау және сипаттау;

- Н.Ә. Назарбаев тұлғасының қалыптасуының негізгі кезеңдерін бөліп көрсету;

- Н.Ә. Назарбаевтың 1960-1969 жылдардағы еңбек қызметінің бастапқы кезеңінде басқалардан ерекшеленуіне мүмкіндік берген жеке қасиеттерін анықтау;

- ҚР болашақ көшбасшысы тұлғасының табысты қалыптасуы мен даму факторларын зерттеу;

- Н.Ә. Назарбаевтың Қарағанды металлургия парткомының хатшысы ретіндегі қызметін пайымдау;

- Н.Ә. Назарбаевтың 1977-1979 жылдары Қазақстан Компартиясы Қарағанды облыстық комитетінің хатшысы лауазымындағы қызметін зерделеу;

- Н. Ә. Назарбаевтың 1960-1979 жылдары Қарағанды облысының қоғамдық-саяси, экономикалық және мәдени дамуына қосқан үлесін көрсету.

Диссертациялық зерттеу объектісі Н. Ә. Назарбаев - Қазақстан Республикасы тәуелсіз мемлекетінің Тұңғыш Президенті, оның 1960-1979 жылдары Қарағанды облысында жұмыс істеген кезіндегі өмірі мен қызметі болып табылады. Бұнымен қоса Н.Ә. Назарбаевтың еңбек және партиялық-саяси қызметінің теміртаулық және қарағандылық кезеңіндегі мақалалары, баяндамалары да зерттеудің нысанына жатады.

Диссертациялық зерттеудің пәні Н. Ә. Назарбаевтың 1960-1979 жылдары Қарағанды облысында жұмыс істеген жылдарындағы еңбек және қоғамдық - саяси қызмет болып табылады.

Зерттеудің ғылыми жаңалығы Қазіргі қазақстандық тарихнамада алғаш рет Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың 1960-1979 жылдар аралығындағы Қарағанды облысындағы еңбек және қоғамдық-саяси қызметінің тарихын жүйелі түрде реконструкциялауға әрекет жасалды.

Алғаш рет Н.Ә. Назарбаевтың 1960-1979 жылдардағы Қарағанды облысындағы еңбек және қоғамдық-саяси қызметінің барлық салалары мен кезеңдеріне жан-жақты талдау жасалды.

Бұрын қолданыста болмаған көптеген деректер, визуалдық деректер алғаш рет ғылыми айналымға енгізілді.

Қорғауға шығарылатын ережелер:

- тарих ғылымындағы жеке тұлғаны бейнелеу тәсілдеріндегі негізгі тенденциялар, әдіснамалық тәсілдер мен өзгерістер анықталды, бұл тарихи оқиғалар мен процестерді түсінуде өмірбаяндық жанрдың эволюциясын және тарихнаманың дамуын көрсетуге мүмкіндік берді;

- осы мәселе бойынша қазақстандық және шетелдік тарихнамаға талдау жасау 1960-1979 жылдары Қарағанды облысындағы Н.Ә.Назарбаевтың еңбек және саяси қызметі Н. Ә.Назарбаевтың Қарағанды облысындағы 1960-1979 жылдары өмірі мен қызметін жүйелі зерттеуге арналған арнайы зерттеудің нысанасына айналмағанын көрсетті;

- 1960-1979 жылдары Қарағанды облысындағы Н.Ә.Назарбаевтың өмірі мен қызметін зерделеу жөніндегі деректерді талдау тарихи деректердің 9 тобын бөліп көрсетуге мүмкіндік береді, бұл Н.Ә.Назарбаевтың өмірі мен қызметі туралы зерттеудің жеткілікті кең және репрезентативтік деректер базасын қамтамасыз етеді;

- Н.Ә.Назарбаевтың қарапайым еңбеккер және басшы ретінде қалыптасуының төрт кезеңі анықталды: 1. Н.Ә.Назарбаевтың 1960-1969 жылдардағы еңбек қызметі кезеңі; 2. Теміртау қаласындағы номенклатуралық комсомол және партиялық жұмыс кезеңі (1970-1973жж.); 3. Қарағанды металлургия комбинаты парткомының хатшысы (1973-1977жж.); 4. Көлік өнеркәсібі жөніндегі Қарағанды облыстық партия комитетінің хатшысы лауазымындағы қызмет кезеңі (1977-1979жж.);

- еңбекқорлық, мақсатқа ұмтылу, жауапкершілік, көбірек білуге ұмтылу, бастамашылдық, табандылық, өз бетінше шешім қабылдай білу, билингвизм- Н.Ә. Назарбаевтың бала кезінен және Теміртау мен Қарағандыда өмір сүрген және жұмыс істеген кезіндегі тұлғалық ерекшеліктері ҚР Тұңғыш Президентінің іскерлік, саяси және ұйымдастырушылық қасиеттерін қалыптастыруға ықпал етті;

- Н.Ә. Назарбаевтың тұлға және саяси көшбасшы ретінде қалыптасу процесі кеңестік тарихи дәуір, сол кезеңдегі қоғамдық, әлеуметтік және мәдени орта, партиялық-кеңестік номенклатураның кадрлық жұмысының қалыптасқан ережелері жағдайында өтті;

- еңбек қызметінің үшінші (1973-1977жж.) кезеңінде Н. Ә. Назарбаев облыстың барлық өнеркәсіп салаларының жұмысын зерделеді, бұл ірі

комбинатты, облысты, одан әрі бүкіл елді басқару практикасы үшін өте қажет болды;

- қазақстандық Магнитканың көпұлтты жұмысшы ұжымдарындағы, Теміртау қаласы мен Қарағанды облысының комсомол және партия органдарындағы өмірі мен қызметінің қарағандылық кезеңі арқасында Н.Ә. Назарбаев басшының баға жетпес жұмыс тәжірибесіне ие болды. Әр кезең сайын оның іскерлік қасиеттері мен үлкен қабілеттері үлкен көлемде көрінді. Қарағанды облысының көп салалы өнеркәсібін дамыту бойынша шешілетін міндеттердің ауқымы Үкімет басшысының, Қазақстан Компартиясы ОК бірінші хатшысының және Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президентінің болашағы үшін қажетті саяси және ұйымдастырушылық қасиеттерді қалыптастырды;

- Н.Ә. Назарбаевтың 1960-1979 жылдардағы Қарағанды облысының экономикалық, қоғамдық-саяси және мәдени дамуына қосқан үлесін елеулі деп сипаттауға болады. Оның өнеркәсіп және көлік жөніндегі облыстық партия комитетінің хатшысы болып жұмыс істеген кезеңінде облыс өнеркәсіптік және ауыл шаруашылығы өндірісін дамытуда тарихи ең жоғары деңгейге жетті, облыс халқының саны едәуір өсті және өңірдің әлеуметтік дамуында оң өзгерістер болды.

Жұмыстың теориялық және қолданбалы құндылығы. Зерттеу міндеттерін шешуде пайдаланылған архивтік құжаттар, мерзімді баспасөз материалдары, оның ішінде бұрын-соңды қолданылмаған және ғылыми айналымға алғаш рет енгізілген құжаттар, белгілі бір оқиғалардың қорытындылары, бағалары, автордың ұсынымдары Қазақстанның қазіргі тарихы, Кеңестік кезеңдегі Қазақстан тарихы бойынша ғылыми зерттеулерде, оқулықтар мен оқу құралдарын, ғылыми және оқу-әдістемелік жұмыстарды, монографияларды дайындау кезінде, Орталық Қазақстанның даму тарихы бойынша арнайы курстарды әзірлеу кезінде пайдаланылуы мүмкін.

Диссертациялық зерттеу жұмысы барысында жиналған және цифрландырылған 1960-1979 жылдар кезеңіндегі мерзімді баспасөз материалдары Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президентіне және Тәуелсіз Қазақстан тарихына арналған музейлер мен орталықтардың экспозицияларының коллекцияларын толықтыра алады, сондай-ақ Н.Ә. Назарбаевтың өмірі, еңбек жолы және қоғамдық-саяси қызметінің басталуына байланысты архив материалдарының жинақтарына кіре алады.

Зерттеу нәтижелері өскелең ұрпаққа тәрбие беру жұмысында, оқу құралдарын жазуда, мектептерде, арнайы және жоғары оқу орындарында Отан тарихы курсы барысында қолданылуы мүмкін.

Жұмыс құрылымы. Диссертация қысқартулар мен аббревиатуралар тізімінен, кіріспеден, сегіз тараушадан тұратын үш тараудан, қорытындыдан, пайдаланылған деректер тізімінен және қосымшадан тұрады.

Кіріспе қажетті құрамдас бөліктерді қамтиды – зерттеудің өзектілігін, мақсатын, міндеттерін, зерттеу объектісі мен тақырыбы анықталып, тарихнама мен деректерге шолу жасалады.

Бірінші тарау «Әдістемелік мәселелер, тарихнама және зерттеу тақырыбы бойынша деректер» деп аталатын бірінші тарау үш тараушадан тұрады. Бірінші тарауша « XX ғасырдың аяғы мен XXI ғасырдың басындағы тарихи зерттеулердегі өмірбаян жанрының эволюциясы», екінші тарауша «Қарағанды облысындағы Н.Ә.Назарбаевтың өмірі мен қызметін зерттеу тарихы» және үшінші тарауша «1960-1979 жылдардағы Н.Ә.Назарбаевтың өмірі мен қызметі туралы деректердің сипаттамасы» деп аталады.

«Қазақстан Магниткасы және Н.Ә.Назарбаевтың өмірі мен қызметіндегі Теміртау қаласы » атты екінші тарау «Н.Ә.Назарбаевтың тұлғасының дамуы» және «Н.Ә. Назарбаев 1960-1969 жылдары- кара жұмысшы мен горновыйдан комсомол көшбасшысына дейінгі жол» және «Теміртаудағы партиялық қызметі (1969-1973) » деп аталатын тараушалардан тұрады.

«Н.Ә.Назарбаев және 1973-1979 жылдары Қарағанды облысының әлеуметтік-экономикалық және мәдени дамуы» атты үшінші тарау екі «Н. Ә. Назарбаев-Қарағанды металлургия комбинаты парткомының хатшысы» және «Қазақстан Коммунистік партиясы Қарағанды облыстық комитетінің Өнеркәсіп және көлік жөніндегі хатшысы Н.Ә. Назарбаевтың Қарағанды облысының экономикасын, әлеуметтік саласын және мәдениетін дамытуға қосқан үлесі» аталатын тараушалардан тұрады.

Қорытындыда бөлімдер бойынша қорытындылар беріліп, зерттеу нәтижелерін түйіндеу жасалған. Қосымшада зерттеліп отырған кезең бойынша Қарағанды облысында жарияланған БАҚ материалдары ұсынылған.

Түйінді сөздер: Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев, Қарағанды облысы, Теміртау, Қарағанды металлургия комбинаты, Кармет, хатшы.